

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

Декоративтік сылаққа

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

на декоративную штукатурку

ТК 2.04-02-2012

Ресми басылым
Издание официальное

**Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі**

**Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства**

Астана 2012

ТК 2.04-02-2012. Технологиялық карта
ТК 2.04-02-2012. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӨЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану аясы	1
3 Нормативтік сілтемелер	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы	4
5 Жұмыстар өндірісін ұйымдастыру және технология	5
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	16
7 Жұмыстар сапасына қойылатын талаптар.....	19
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	23
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	28

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

ДЕКОРАТИВТІК СЫЛАҚТЫ ЖАҒУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

Енгізген күні 2013-05-01

1 Жалпы ережелер

1.1 Декоративтік сылақты жағу жұмысын жүргізудің технологиялық картасы Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттардың (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, технологиялар және механизациялау бойынша құрылысты ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада минералды декоративтік сылақ қоспасын қолданумен декоративтік сылақты жағу қарастырылған.

1.4 Технологиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолдану аясы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамасы;
- жұмыстар өндірісін ұйымдастыру және технология;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыс сапасына талаптар;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технологиялық картадағы еңбек режимін, жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбекті бөлуді есепке ала отырып бригадалар жұмысшылары арасындағы міндеттерді бөлу, құрал-саймандарды және заттарды жетілдіруді қолдану кезіндегі еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны шарттарына қатысты алу қажет.

2 Қолдану аясы

2.1 Декоративтік сылақ жағу жұмысын орындау кезінде ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10 басшылыққа алу қажет.

2.2 Осы технологиялық карта ғимараттың ішінен және сыртынан жұмыстарды өндірудің мынадай шарттарын сақтай отырып әртүрлі негіздер бойынша (бетон, цемент және гипстік сылақтар, гипсокартон, ағаш ұнтағы бар плиталар) жұқа қабатты декоративтік жабындар жағуға арналған түйіршіктерінің ірілігі 0,7 мм-ден 3,5 мм дейін құрғақ минералдық декоративтік сылақ қоспасын қолданумен декоративтік сылақ жағуды қарастырады:

- ішкі қабырғалардың және аралықтардың сылақ жұмыстары үй-жайлар мен бөлетін негіздерде 10 °С-тан төмен емес және ауа ылғалдылығы 60 %-дан аспайтын температура кезінде орындалуға тиіс;

- жоғарыда көрсетілген температуралық-ылғалдылық режимі басталғанға дейін кемінде екі тәулік бұрын және жұмыстар аяталғаннан кейін 12 тәулік бойы сақтау қажет;

- сыртқы қабырғалардың сылақ жұмыстары қоршаған ауаның 5 °С-тан төмен емес температурасы кезінде орындалуға тиіс;

- бетон, қырылған, тегістелген негіздердің ылғалдылығы 8 %-дан, ағаш негіздікі - 12 %-дан аспауға тиіс;

- жұмыс орнының жарықтандырылуы МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.3 Декоративтік сылақ жағу жұмыстары мынадай технологиялық ілеспелікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар

- қабырға негіздерінің бетін тазалау;
- төсемен бояумен қабырға беттерін өңдеу;
- декоративтік сылақ құрамын жасау;
- декоративтік сылақ құрамын жағу;
- төсемен бояумен қабырғалардың декоративтік сылағының бетін өңдеу;
- су-дисперсиялық акрил бояуын жағу.

в) қосалқы жұмыстар

г) аяқтау жұмыстары.

2.4 Декоративтік сылақ жағу бойынша технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.02-05, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, талаптарын және басқа да қолданыстағы НТҚ-ны, жұмыс жүргізу және осы технологиялық картаның 2.2-тармағын сақтау кезіндегі кез келген уақытта жұмыстарды орындауды көздейді.

2.5 Технологиялық объектіні нақты объектілерге және жұмыстарды жүргізу шарттарына бекіту жұмыс көлемін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға, механизация құралдарына мұқтаждық деректерін нақтылаудан, сапаны, қауіпсіздік техникасын және еңбекті қорғауды бақылау бойынша іс-шараларды түзетуден тұрады.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылғы жай-күй бойынша жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіш бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ-ның қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме жасалған НҚА және НТҚ ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА-ны және НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтеме жасалған НҚА мен НТҚ ауыстырусыз күші жойылған болса, оларға сілтеме жасалған ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада сілтеме мынадай нормативтік-техникалық құжаттамаға (НТҚ) жасалған:

ҚР ТЖМ 2011 жылғы 21 қазандағы № 245 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш крандарды орнату мен қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережесі» .

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік.

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен имараттардың құрылысын ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009* Ғимараттар мен имараттардағы өрт қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 2.04-10-2004 Оқшаулау және әрлеу жабындары.

МЕМСТ 12.1.004-91 ЕҚЖС. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы ережелер.

MEMСТ 12.1.013-78	ЕҚЖС. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар. Бетондар мен ерітінділер үшін су. Техникалық шарттар.
MEMСТ 23732-79	
MEMСТ 12.1.046-85	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары (2003 ж. басылым).
MEMСТ 12.4.059-89	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырғыш инвентарлық қоршаулар. Жалпы техникалық шарттар.
MEMСТ 12.4.087-84	ЕҚЖС. Құрылыс. Құрылыс дулығалары. Техникалық шарттар.
MEMСТ 12.4.089-86	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырғыш. Жалпы техникалық шарттар.
MEMСТ 12.4.107-82	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырғыш арқандар. Жалпы техникалық шарттар.
MEMСТ 7948-80	Болат құрылыс тіктеуіштері. Техникалық шарттар
MEMСТ 9416-83	Құрылыс деңгейлері. Техникалық шарттар
MEMСТ 9533-81	Кельмалар, күрекшелер мен кескіштер. Техникалық шарттар
MEMСТ 10597-87	Сырлау қылқаламдары мен шөткелері. Техникалық шарттар
MEMСТ 10831-87	Сырлау білікшелері. Техникалық шарттар
MEMСТ 11042-90	Болат құрылыс балғалары. Техникалық шарттар
MEMСТ 21718-84	Құрылыс материалдары. Ылғалды өлшеудің диэлькометрикалық әдісі.
MEMСТ 23407-78	Құрылыс алаңдары мен учаскелерін инвентарлық қоршау. Техникалық шарттар
MEMСТ 24258-88	Итергіш құралдар. Жалпы техникалық шарттар
MEMСТ 25782-90	Үйкегіш және жартылай үйкегіш қағидалары. Техникалық шарттар.
MEMСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометрикалық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен имараттардың параметрлерін өлшеуді орындау қағидалары.
MEMСТ 27321-87	Құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін мінбесатылық сүйеуіштер. Техникалық шарттар

ҚР Е 8.04-1-2010 Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарының бірыңғай нормалары мен бағалаулары (БНжБ).

Б1 -жинақ. Іште салынатын көліктік жұмыстар.

Б6 -жинақ. Ғимараттар мен имараттардағы ағаш пен ұста жұмыстары.

Б8 -жинақ. Құрылыс конструкцияларының әрлеу жабындары. 1-шығарылым. Әрлеу жұмыстары.

БНжБ 25- жинақ Такелаждық жұмыстар.

4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамасы

4.1 Құрғақ минералды декоративтік сылақ

Түйіршігі 0,7 мм-ден 3,5 мм дейін минералды декоративтік сылақ әртүрлі негіздер бойынша жұқа қабатты декоративтік жабындарды салуға арналған.

Минералды құрғақ сылақ қоспалары салмағы 25 кг көп қабатты қағаз қаптарда оралған күйде объектіге жеткізіледі.

Сылақ қоспасының әрбір партиясының сапа туралы құжаты болуға тиіс..

Сылақ қоспалары көліктің тиісті түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес кез келген көлік түрімен сүйемелденуге тиіс.

Сылақ қоспалары қалыпты бүлінбеген орамда құрғақ жағдайлардағы астауларда оң температура кезінде сақталады.

4.2 Декоративтік сылақ астындағы төсеме бояу

Су-дисперсиялық төсеме бояу ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде қабырғалардағы декоративтік сылақты жаққанға дейін және одан кейін негіздерді өңдеуге арналған.

Төсеме бояудың сыйымдылығы 5 л-ден 15 л дейін полимер шелекке салынған дайын күйде объектіге жеткізіледі.

Төсеме бояудың әрбір партиясының сапа туралы құжаты болуға тиіс.

Төсеме бояудың көліктің сәйкес түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады. Тасымалдау тәсілі төсеме бояудың атмосфералық жауын-шашындардан және ыдыстың механикалық зақымдалуынан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Төсеме бояудың құрғақ және салқын үй-жайларда астауларда оң температура кезінде сақталады.

4.3 Ішкі және сыртқы жұмыстар үшін су-дисперсиялық акрил бояулары

Акрил бояулары минералды декоративтік сылақ жабындарын бояуға арналған.

Бояулар объектіге сыйымдылығы 15 литр полимер шелектерге салынған дайын күйде жеткізіледі.

Бояулардың әрбір партиясының сапа туралы құжаттамасы болуға тиіс.

Бояулар көліктің сәйкес түріне қолданылатын жүктерді тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің кез келген түрімен тасымалданады. Тасымалдау тәсілі бояуларды атмосфералық жауын-шашындардан және ыдыстың механикалық зақымдалуынан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

Бояулар құрғақ және салқын үй-жайларда астауларда қалыпты бүлінбеген орамда сақталады.

4.4 Декоративтік сылақты салу кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Міндетті сертификаттауға жататын материалдар мен бұйымдар Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификатына ие болуы тиіс.

5 Жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу технологиясы

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Декоративтік сылақ жағу бойынша жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Декоративтік сылақ жағу бойынша жұмыстар басталғанға дейін:

- жұмыстарды жүргізуге жауаптыны тағайындау;
- қауіптілігі жоғары жұмыстар жүргізуге рұқсаттама-наряд алу;
- қауіпті аймақты дабылды қоршаумен және жақсы көрінетін ескерту (тыйым салатын) белгілермен белгілеу;
- орындалған жұмыстарды қабылдау актісін жасаумен әрлеу алдындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау;
- орындалған жұмыстарды қабылдау актісін жасаумен қасбет әрлеу жұмыстарының алдындағы мінбесатылар құрылысының қондырғысын аяқтау;
- жұмысшыларға қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша журналға қолдарын қойғызып нұсқаулық жүргізу, жұмысшыларды декоративтік сылақ жағу бойынша жобалық шешімдермен, ЖЖЖ және осы технологиялық картамен таныстыру.
- үй-жайды құрылыс күл-қоқысынан және материалдар қалдықтарынан тазарту;
- жоғары сапалы сылақ астына белгіленген тәртіпте негіздеме дайындау және салу;
- әрлеу жұмыстарын орындау үшін қалыпты температуралық-ылғалды режимді жасау бойынша жұмысты орындау;
- қозғалту құралдарын (мінбесатыларды және ырғалғыштарды монтаждау) орнату және акт бойынша қабылдау;
- материалдар мен бұйымдарды қоймалау және сақтау үшін аймақтар бөлу;
- ЖЖЖ-ға сәйкес материалдарды қоймаға қою үшін алаңды дайындау Сыртқы жұмыстар кезінде алаң 5⁰-тан аспайтын еңкістікпен жоспарланған, мұқият тапталған үстіңгі қабаты болуға тиіс;
- объектіге қажетті бұйымдар мен материалдарды, механизмдерді, құрал-саймандар мен инвентарды жеткізу;
- бұйымдар мен материалдар сапасының жеткізген кездегі бақылауын жүзеге асыру;
- жұмысшылар 3 жұмысқа қажетті жеке басын қорғау құралдарымен қамтамасыз ету қажет;
- декоративтік сылақ жағылатын негіз үстіңгі беті белгіленген тәртіпте қабылдануы және жоғары сапалы сылаққа нормативтік техникалық құжаттама (НТҚ) талаптарына жауап беруге тиіс;
- жұмыс орнын жарықтандыру МЕМСТ 12.1.046 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны өндірістік процесс талаптарына және санитарлық гигиена және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып жұмыстарды орындау жағдайларына сәйкес келуі тиіс.

Жұмыс орнында жабдықтар, инвентарь жұмыс жағдайын тарылтпайтындай, жүруге және құрал-сайманды және жарақтауыштарды іздеуге босқа уақыт кетпейтіндей орналастырылады.

Жұмыс орнындағы құрал-саймандар мен керек-жарақтар саны оларды алуға және ауыстыруға уақыт аз кететіндей ауысым ішінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететіндей ең аз қажетті мөлшерде болуы тиіс.

Құрал-саймандар мен керек-жарақтар жұмыс орнында қолдануға ыңғайлы белгілі бір тәртіпте орналасуы тиіс.

Материалдарды автокөліктен түсіру ЖЖЖ-ға сәйкес қолмен орындалады. Материалдарды қабаттарға көтеру ЖЖЖ-жа айқындалған санда дінгекті көтергіш көмегімен жүзеге асырылады.

1,2 м-ден жоғары үй-жай ішінде декоративтік сылақты жағу және ғимараттың қасбетінің декоративтік сылағын жағу ЖЖЖ-ға сәйкес итерілетін инвентарлық құралдармен орындалады.

5.1.3 Декоративтік сылақ жағу бойынша жұмысты құрамында мыналар бар топ орындайды:


- 5 разряд сылақшысы (С1) – 1 адам;
- 4 разряд сылақшысы (С2) – 1 адам;
- 3 разряд сылақшысы (С3) – 1 адам;

Жұмыс кешенінде мыналар қатысады:

- 3 разряд көтергіш машинисі (КМ) – 1 адам;
- 3 разряд такелажшысы (Т1) – 1 адам;
- 2 разряд такелажшысы (Т2,Т3) – 2 адам;
- 2 разряд қосалқы жұмысшы (К) – 1 адам.

Ілеспе жұмыстарды (тиеу-түсіру жұмыстары) орындаған кезде 4 және 3 разряд сылақшылары кемінде екінші разрядты такелажшы куәлігіне ие болуы тиіс.


5.1.4 Ішкі декоративтік сылақты жағу бойынша жұмыстарды орындау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру 1-суретте келтірілген.



- 1-кезең – негізді тазарту;
- 2-кезең – төсеме бояу негізі;
- 3-кезең – декоративтік сылақты салу
- 1 – шөтке;
- 2 – қылқалам;
- 3 – төсеме бояуы бар ыдыс;
- 4 – тот баспайтын болаттан жасалған үйкегіш;
- 5 – декоративтік сылақ салынған ыдыс;
- 6 – пластикалық үйкегіш;
- 7 – материалдарды қоймалауға арналған орын.
- C1, C2, C3 – Сылақшылардың жұмыс орны

1-сурет – Ішкі декоративтік сылақты жағу бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

Мінбесатыларда сыртқы декоративтік сылақты жағу бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 2-суретте келтірілген.



- 1 – Мінбесатылар тіреуі;
- 2 – құраммен сыйымдылық;
- 3 – сақтандырғыш белбеу;
- 4 – білікше;
- 5 – пластикті үйкегіш;
- 6 – жұмыс мінбесатылары төсемдері;
- 7 – мінбесатылардың бойлық ригелі;
- 8 – бояуы бар астау

C1 және C2 – сылақшылардың жұмыс орны

2-сурет – Мінбесатылардан сыртқы декоративтік сылақтарды жағу бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыстар өндірісінің технологиясы

5.2.1 Декоративтік сылақты жағу бойынша жұмыстар мынадай технологиялық бірізділікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі жұмыстар:

- қабырғалардың үстіңгі бетінің негіздері;
- төсеме бояудың үстіңгі беті қабырғаларына төсеме бояу жағу;
- Декоративтік сылақ құрамын дайындау;

- декоративтік сылақ құрамын жағу;
- қабырғалардың декоративтік сылағы үстіңгі бетіне төсеме бояу жағу;
- су-дисперсиялық акрил бояуын жағу.

в) аяқтау жұмыстары.

5.2.2 Дайындық жұмыстары

Жұмыс топтары техникалық персоналдан нұсқаулар алып, осы технологиялық картамен танысқаннан кейін қажетті материалдар мен керек-жарақтарды алады, жарақтауыштарды тексереді, оларды қарайды және бұзылған жерлерін жөндейді .

5.2.3 Негізгі жұмыстар

5.2.3.1 Қабырғалар негіздерінің үстіңгі бетін тазарту

Декоративтік сылақ жағу алдында қабырғалар негіздерінің үстіңгі беті бетон ерітінділерінен қырғышпен тазартады және қылды шөткемен шаңды сыпырады.

Қабырғалар негіздерін шөткенің көмегімен тазарту 3-суретте келтірілген.



3-сурет - Қабырғалар негіздерін шөткенің көмегімен тазарту

5.2.3.2 Декоративтік құрамды жаққанға дейін және кейін қабырғалардың үстіңгі бетіне төсеме бояу жағу

Негізбен адгезияны ұлғайту үшін қабырғалардың үстіңгі бетіне төсеме бояу жағу қажет. Төсеме бояу жағу алдында оны зауыттық орамда бірқалыпты массаға дейін араластыру қажет.

Төсеме бояуды бір жүріп өткенде жаппай тегіс қабатпен білекше немесе қылқаламмен үстіңгі бетіне жағады. Төсеме бояу үш сағат ішінде құрғайды.

Түрлі-түсті декоративтік сылаққа төсеме бояу қолданған кезде сылақ түсінің реңіне жақындатылған реңге реңдеу қажет. Реңделген төсеме бояуды. Төсеме бояу жағылған үстіңгі бетте көзге көрінетін түстік әртүрлілікке, дақтарға, жолақтардың болуына рұқсат етілмейді. Осындай жерлер болған кезде төсем бояуын жағу операциясын қайталау қажет. Дайындалған үстіңгі беті біртекті түсті реңге ие болуы тиіс. Төсеме бояу толық кепкеннен кейін 24 сағаттан соң декоративтік сылақты жағу мүмкін болады.

Қабырғаның үстіңгі қабатына төсеме бояуды қылқаламмен жағу 4-суретте келтірілген.



4-сурет - Қабырғаның үстінгі қабатына төсеме бояуды қылқаламмен жағу.

5.2.3.3 Құрғақ қоспадан декоративтік сылақ құрамын дайындау

Сылақ құрамын дайындау үшін құрғақ қоспаны қолдану бойынша нұсқаулыққа сәйкес оны ұдайы араластыра отырып суға біртіндеп қосады, осылайша түйірлерсіз бірқалыпты массаны алады. Араластыруды айналу жылдамдығы 400 кө/мин - 800 кө/мин салмасы бар бұрғымен немесе миксермен орындайды. Содан соң қоспаны қалыпқа келу үшін 5 минут ұстайды және тағы бір рет араластырады. Қоспа дайындалған сәттен бастап 1 сағат ішінде жұмсалуға тиіс. Консистенциясы су қоспай қоспаны қайтадан араластыру арқылы болады.

Сылақ құрамын дайындау 5-суретте келтірілген.




5-сурет – Сылақ құрамын дайындау

5.2.3.4 Декоративтік сылақ құрамын жағу

Сылақ құрамын тот баспайтын болаттан жасалған үйкегіш негізімен жағады. Сылақ қабатының қалыңдығы толтырғыш түйіршігінің мөлшеріне сәйкес келуі тиіс. Үстіңгі қабатты жартылай жасағаннан кейін (қоспа құрал-сайманға жабысуын қойған кезде) пластикті үйкегіш көмегімен жабын фактурасын қалыптастырады. Фактураны сылақ қабатына басуды болдырмай жеңіл сырғытпа қозғалыспен қалыптастырады. Қозғалыс траекториясына қатысты көлденең, дөңгелек және айқаспа іздер салуға болады.

Бір тегіс беттегі сылақ құрамын «баспалдақ» схемасы бойынша төмен түсе отырып үздіксіз жағады.

Сылақ құрамын қабырғаның үстіңгі бетіне жағу 6-суретте келтірілген.



6-сурет. Сылақ құрамын қабырғаның үстіңгі бетіне жағу

5.2.3.5 Су-дисперсиялық акрил бояуы түрін жағу

Қолдану алдында бояуды зауыттық ыдыста араластырады. Бояуды негізге қылқаламның, білікшенің немесе бояупультінің көмегімен кемінде екі рет өтіп жағады. Бояудың бірінші қабаты төсеме бояу болады. Келесі қабаты алдыңғы төсеме бояу қабатын жаққаннан кейін 4-6 сағаттан соң жағылады.

5.2.3.6 Қосалқы жұмыстар

Автокөліктен материалдарды қоймалау алаңына апару. Жұмыстарды жүргізу орнына материалдарды арбалармен немесе қолмен апарды. Кабаттарға материалдарды ЖЖЖ-ға сәйкес діңгекті көтергіштермен береді.

5.2.4 Аяқтау жұмыстары

Жұмыстарды орындағаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын жинайды, құрал-саймандарды, керек-жарақтарды тапсырады,

5.2.5 Қыс кезінде сылақ жұмыстарын орындау

Желеген үй-жайларда төменгі сыртқы температура кезінде сылақ жұмыстарын бастағанға дейін тәулік ішінде ауаның қатысты ылғалдығы 60 %-да ауа температурасы плюс тәулік бойы 10 °С-тан төмен емес болуы тиіс. Сылақ жұмыстары аяқталғаннан кейін үй-жайдағы плюс 10 °С температура кемінде 12 тәулік бойы сақталуы тиіс.

Қыс кезіндегі үй-жай ішіндегі сылақ жұмыстары жылу мен желдету жүйелері тұрақты жұмыс істейтін кезде орындалуға тиіс.

Үй-жайдағы сылақтың кебуін жылдамдату үшін бір сағатта үш мәрте ауыстыруды қамтамасыз ете отырып желдетеді.

Үй-жайдағы сылақты жасанды кептірген кезде желдеткіш көмегімен ысытылған ауа беріледі. Жекелеген жерлер қосымша электр қыздырғыштармен немесе басқа да приборлармен кептіріледі.

Сылақта жарылулар пайда болуды және сапасының төмендеуін болдырмау үшін оны қатты қыздыруға (30 °С-тан жоғары) және үй-жайды қарқынды желдетуге жол берілмейді.

5.3 Декоративтік сылақты жағуға операциялық карта 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Декоративтік сылақ жағуға арналған карта

Операциялар атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жарақтауыштар, құрал-сайман, инвентарь, керек-жарақтар), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операциялардың сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	5 разряд сылақшысы (С1), 4 разряд сылақшысы (С2), 3 разряд сылақшысы (С3), 3 разряд көтергіш машинисі (КМ), 3 разряд такелажшысы (Т1), 2 разряд такелажшысы (Т2, Т3, 2 разряд қосалқы жұмысшысы (К).	Жұмысшылар техникалық персоналдан тапсырма алады, нұсқаулар журналында қол қоя отырып, жұмыс орнындағы техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтан өтеді, құрал-сайман, инвентарь, материалдар алады, ЖЖЖ-ға және технологиялық картаға сәйкес жұмыстар шекарасымен танысады және жұмысқа кіріседі.
Негізгі жұмыстар			
Қабырғалардың үстіңгі бетін тазарту және шаңын алу	Қырғыш, қылды шөтке	С3	С3 қабырғалар негіздерінің үстіңгі бетін қырғышпен бетон ерітіндісінен тазартады және шаңды қылды шөткемен сыпырады.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Негіздеме бояуды миксермен араластыра отырып декоративтік сылақ құрамын жаққанға дейін және одан кейін 1 рет өтіп негіздеме бояуды жағу	Миксер, қылқалам	С3	С3 зауыттық орамда төсеме бояуды миксермен араластырады. С3 бір рет жүріп өткенде бірқалыпты тегіс қабатпен төсеме бояуды білікшемен жағады.
Құрғақ қоспадан сылақ құрамын дайындау		С3	С3 сылақ құрамын дайындау нұсқаулығына сәйкес құрғақ қоспаны суға біртіндеп қоса отырып, ұдайы миксермен араластырып, түйірлерсіз біртекті масса ала отырып дайындайды. Содан соң қоспа дайын болу үшін 5 минут ұсталады және оны тағы да бір рет араластырылады. Қоспа дайындалған сәтінен бастап 1 сағат ішінде жұмсалатын болады.
Сылақ құрамын жағу	Тот баспайтын болаттан жасалған үйкегіш, пластик үйкегіш, сырлау лентасы	С1, С2	С1 және С2 үстіңгі беттің 60° бұрыштамасымен тот баспайтын болаттан жасалған үйкегіш негізінде сылақ құрамын жағады. Сылақ қабатының қалыңдығы толтырғыштың үстіңгі бетті жартылай қамтығаннан кейін (қоспа құрал-сайманға жабысуын қойғаннан кейін) С1 және С2 жабынның фактурасын үстіңгі бетте қатаң түрде паралельді ұстайтын пластикалық үйкегіштің көмегімен қалыптастырады. С1 және С2 сылақ қабатын жоғарғы бұрыштан үздірместен бір тегістікте «баспалдақ» схемасы бойынша төмен түсе отырып жағады. Жұмыста үзіліс жасау қажет болғанда сылақ қабатын аяқтау қажет болған жерге сызық бойы сырлау лентасын жапсырады, сылақты лентаның үстінен жағады. Фактура қалыптастырады және лентаны дереу алып тастайды.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Қосалқы жұмыстар (қабырғалардың ішкі үстіңгі бетіне)			
Автокөліктен материалдарды қолмен қоймалау алаңына апару	Арба	Қ	Қ қоймалаумен көтергіш маңына автокөліктен материалдарды қолмен апарды.
14 м орташа биіктікке көтергішпен жұмыстар өндірісі орнына материалдарды беру	Арба, көтергіш	С2, С3, Т2, Т3, КМ	Т2, Т3 материалдарды көтергішке тиейді. Қабаттарға материалдарды КМ көтергіштерімен береді. С2 және С3 қабаттардағы көтергіштен материалдарды түсіреді.
30 м дейінгі қашықтықта материалдарды жақын апару	Арба	Қ	Қ жұмыстарды өндіру орнына материалдарды апарды.
Қосалқы жұмыстар (мінбесатылармен ғиамарттың қасбетінде)			
Автокөліктен материалдарды қоймаға қою үшін қолмен алаңға апару	Арба	Қ	Қ қоймалаумен көтергіш маңына автокөліктен материалдарды қолмен апарды.
15 м орташа биіктікке электр жүк арбамен жұмыстар өндірісі орнына материалдарды беру	Электр жүк арбасы	Т1, Т2, Т3	Т2 тартқыштарды бекітумен материалды ілмектейді. Т1 электр жүк арбасымен материалды көтереді және төмендетеді. Т3 тартқыштарды бекітумен материалды ілмектейді және материалдарды құрылыс мінбесатыларына орналастырады
30 м дейінгі қашықтықта материалдарды беру	-	Қ	С материалды мінбесатыларда қасбеттегі жұмыстарды өндіру орнына қолмен апарды.

1-кесте (жалғасы)

1	2	3	4
Аяқтау жұмыстары			
Аяқтау жұмыстары	-	С1, С2, С3,Т1,Т2,Т3,Қ,КМ	Жұмысшылар жұмыс орындарын тазартады, құрал-саймандарын, керек-жарақтарын және пайдаланылмаған материалдарды объекті ішіндегі қоймаға тапсырады.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Декоративтік сылақ жағу үшін материалдар мен бұйымдарға қажеттіліктің ведомосі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Декоративтік сылақ жағу үшін материалдар мен бұйымдарға қажеттіліктің ведомосі

Жұмыстардың көлемі -100 м² қабырғалардың үстіңгі бетіне

№ р/с	Материалдың, бұйымның атауы	ТНҚА атауы мен белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны
1	Декоративтік сылақ жағу үшін негіз дайындауға арналған су-дисперсиялық төсеме бояу	-	л/кг	20.0/29.0
2	Минералды декоративтік сылақ (құрғақ қоспа): - түйіршігі 0,7 мм-ден 1,5 мм дейін; - түйіршігі 1,5 мм-ден 2,5 мм дейін; - түйіршігі 2,5 мм-ден 3,5 мм дейін.	-	кг кг кг	180-250 250-350 350-400
3	Құрғақ қоспаны еріту үшін су - түйіршігі 0,7 мм-ден 1,5 мм дейін; - түйіршігі 1,5мм –ден 2,5 мм дейін; - түйіршігі 2,5 мм-ден 3,5 мм дейін.	-	л л л	40.0 50.0 60.0

ЕСКЕРТПЕ Ресурстар шығыстарының көрсеткіштері орташа алынған болып табылады және құжаттамалық жоба бойынша нақтыланады.

6.2 Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтауыштардың, құрал-саймандардың, инвентарьдың және керек-жарақтардың тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте- Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, технологиялық жарақтауыштардың, құрал-саймандардың, инвентарьдың және керек-жарақтардың тізбесі

бригадаға – 8 адам

№ р/с	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Топқа (бригадаға) саны дана
1	Тіреуішті құрылыс мінбесатылары	ЖЖЖ бойынша	Итерілетін құрал	-	жиынтық

3-кесте (жалғасы)

бригадаға – 8 адам

№ р/с	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Топқа (бригадаға) саны дана
2	Тіреуішті көтергіш	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды қабаттарға беру	$H = 14$ м	1
3	Электр жүк арбасы	ЖЖЖ бойынша	Құрылыс мінбесатыларына материалдарды беру	$H = 15$ м	1
4	Миксер (себет типіндегі салмасы бар)	-	Сылақ ерітіндісін араластыру	Қуаты 1200 Вт	1
5	Ауыстырылып қойылатын инвентарлық саты ағаштар	-	Итерілетін құрал	Жұмыс алаңының өлшемі 1520 мм × 530 мм	2
6	Өлшеуіш рейка (МЕМСТ 25782)	-	Ерітіндіні бір калыпқа келтіру	$L = 3,0$ м	2
7	Ішкі және сыртқы бұрыштары бар бұрыштамалық үйкегіш (МЕМСТ 25782)	-	Ерітіндіні бір калыпқа келтіру	-	2
8	Қылқалам (МЕМСТ 10597)	-	Төсеме бояу жағу	-	2
9	Білікшелер (МЕМСТ 10831)	-	Бояу жағу	-	2
10	Құрал-саймандарға арналған жәшік	-	Құрал-сайманды сақтау	-	1
11	Құрылыс тіктеуіші (МЕМСТ 7948)	-	Сылақтың тігінен болуын тексеру	-	1
12	Құрылыс деңгейі (МЕМСТ 9416)	-	Сылақтың көлденеңін тексеру	$L=1$ м, бөлу бағасы 1 мм	1
13	Өлшегіш сызғыш	-	Өлшеу жұмыстары	$L=150$ мм, бөлу бағасы 1 мм	1

3-кесте (жалғасы)

бригадаға – 8 адам

№ р/с	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамалар	Топқа (бригадаға) саны дана
14	Бақылау рейкасы	-	Тексеру жұмыстары	$L=2000$ мм, тк сызықтан ауытқу және 0,1 мм аспауы	1
15	Штангенциркуль	-	Сызық бойы өлшеу	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 250 мм-ге дейін, өлшеу қателігі $\pm 0,1$ мм	2
16	Сақтандырғыш белбеу (МЕМСТ 12.4.089)	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	3
17	Сақтандырғыш арқан (МЕМСТ 12.4.107)	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	1
18	Құрлыс дулығасы (МЕМСТ 12.4.087)	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	8
19	Комбинезондар	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	8
20	Резенке етіктер	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	8 жұп
21	Арнайы қолғаптар	-	Жеке басын қорғау құралдары	-	8 жұп
22	Алғашқы медициналық көмек дәрілік қобдишасы	-	Алғашқы медициналық көмек көрсету	-	1
23	Дабылдық қоршаулар	-	Жұмыстарды орындау орнын қоршау	-	жиынтық

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Технологиялық процестердің бақылау картасында келтірілген декоративтік сылақ жұмысы сапасына қойылатын талаптар (4-кесте).

4-кесте – Технологиялық процестердің бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынаманы іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	ТНҚА белгілеу, бақылау әдісі	Өлшеу, сынау құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, ТНҚА белгілеу	Өлшеу диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Бастапқы бақылау										
Су-дисперсиондық төсеме бояу	ЖСҚ	-	Жол берілмейді	Объектідегі қойма	Барлық партия	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат (жеткізушінің паспорты)		Бастапқы бақылау журналы
Минералды декоративтік сылақ қоспасы	Сондай	-	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай		Сондай
Операциялық бақылау (ҚР ҚНЖЕ 2.04-10)										
Декоративтік сылақ жағу	Негізге қойылатын талаптар: - үстіңгі беттің ылғалдылығы, аспайтын, %	8	Жол берілмейді	Жұмыстар өндірісінің учаскесі	Түгелімен	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	Жұмыстардың жалпы журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынама ны іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	ТНҚА белгілеу, бақылау әдісі	Өлшеу, сынау құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, ТНҚА белгілеу	Өлшеу диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Декоративтік сылақ жағу	Жағылған сылақ қабаттарының қалыңдығы	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Жұмыста жүргізудің учаскесі	Әрбір 40 м ² үстіңгі бетке кемінде бес өлшеулер	Шебер (прораб)	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Өлшегіш, металл сызғыш	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 150 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм	Жұмыстардың жалпы журналы
	Сылақ жағылған үстіңгі беттің сыртқы түрі	Көзге көрінетін түстер айырмашылығының, дақтардың, жолақтардың, үзіліп қалулардың болуына жол берілмейді	-	Сондай	Түгелдей	Сондай	Көзбен шолу	-	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 250 мм-ге дейін, өлшеу қателігі ±0,1 мм	

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынама ны іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	ТНҚА белгілеу, бақылау әдісі	Өлшеу, сынау құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шекті ауытқуы					Типі, маркасы, ТНҚА белгілеу	Өлшеу диапазоны, қателігі, дәлдік класы	
Қабылдау бақылауы										
Декоративтік сылақ жағу	Жағылған сылақ қабаттарының қалыңдығы	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Жұмыстар жүргізудің учаскесі	Әрбір 40 м ² үстіңгі бетке кемінде бес өлшеулер	Қабылдау комиссиясының мүшелері	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2)	Өлшегіш, металл сызғыш, Штангенциркуль	Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 150 мм-ге дейін, бөлу бағасы 1 мм Өлшеу диапазоны 0 мм-ден 250 мм-ге дейін, өлшеу қателігі ±0,1 мм	Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі
Декоративтік сылақ жағу	Сылақ жағылған үстіңгі беттің сыртқы түрі	Көзге көрінетін түстер айырмашылығының, дақтардың, жолақтардың, үзіліп қалулардың болуына жол берілмейді	-	Декоративтік сылақ жағу	Түгелдей	Декоративтік сылақ жағу	Көзбен шолу	-	-	Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі

8 Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау

8.1 Декоративтік сылақты жағу бойынша жұмыстар өндірісі ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚНЖЕ 2.02-05, ҚР ҚНЖЕ 2.04-10, МЕМСТ 12.1.004, МЕМСТ 12.1.013 талаптарын, қадаулықтарды, электр жетегі аспалы ырғалғыштарды, инвентарлық сүйеп қойылатын тіреуіштік мінбесатыларды монтаждау және пайдалану бойынша дайындаушы-зауыттар нұсқаулықтарына, тиісті жұмыстарды орындайтын жұмысшылар үшін қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтай отырып, ЖЖЖ-ға және осы технологиялық картаға сәйкес жүзеге асырылады.

8.2 Сылақ жұмыстарына тікелей жұмыс орнында қол қою арқылы нұсқаулықтан және жұмыс өндірісінің қауіпсіз әдістері бойынша нұсқаулықтан өткен, медициналық қараудан өткен 18 жастан жас емес адамдар жіберіледі.

8.3 Сылақшылар барлық орындалатын жұмыстар түрлері бойынша нұсқаулықтан өткізілген және оқытылған болуы тиіс.

8.4 Сылақшы мыналарға міндетті:

- ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын және шебердің (прорабтың) нұсқауларын орындауға;

- берілген арнайы киіммен, арнайы аяқ киімді және сақтандырғыш керек-жарақтарды пайдалануға;

- құрылыс алаңының аумағында МЕМСТ 12.4.087 бойынша қорғау дулығасымен және жеке басын қорғаудың өзге де құралдарын пайдалануға;

- қауіпсіздік техникасы және жұмыс бойынша жолдастарының қауіпсіздік қағидаларын сақтауына жеке жауапкершілік туралы есінде сақтауға;

- жұмыс орнында бөтен адамдардың болуына жол бермеуге;

- шебер (прораб) нұсқау берген жұмысты ғана орындауға;

- егер де ол техникалық қауіпсіздік қағидаларына қарама қайшы келетін болса нұсқауларды орындамауға;

- өндірісте зардап шеккенге бірінші көмек көрсетуге және қауіпсіздік техникасын бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдауға;

- шеберге (прорабқа) барлық бұзушылықтар мен жарақат алу жағдайлары туралы дереу хабарлауға міндетті.

8.5 Үстіңгі бетке сылақ жағу бойынша жұмыс өндірісі кезінде алдыңғы операция кейінгіні орындаған кезде өндірістік қауіптілік төндірмес үшін өндірістік операциялардың технологиялық бірізділігін қарастыру қажет.

8.6 Желілік ИТЖ мыналарға міндетті :

- алкоголь, есірткі немесе уытты мас болу күйіндегі адамдарды жұмысқа жібермеу немесе шығару;;

- құрылымдық бөлімшенің әрбір қызметкерінде жеке басын қорғау құралдарының (ЖҚҚ) болуы мен дұрыс қалыпта ұсталуын жұмыс басталмас бұрын тексеру;

- жұмыстарды орындау процесінде ЖҚҚ қызметкерлерінің нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес мақсатта қатаң орындауларын бақылауды жүзеге асыру.

8.7 Бөтен адамдардың кіруін болдырмау үшін жұмыс орындары МЕМСТ 12.4.059 талаптарына сәйкес қорғау (сақтандыру) қоршауларына ие болуы тиіс.

Осы аймақтарда жұмыстарды өндіруге жұмыс істеушілерді қорғау бойынша ЖЖЖ талаптарына сәйкес рұқсат етіледі.

8.8 Құрылыс алаңдары, жұмыс учаскелері, жұмыс орындары, өткелдер мен өтпе жолдар

уақыттың қараңғы мезгілінде МЕМСТ 12.1.046 сәйкес жарықтандырылуы тиіс. Жарықтандыру жұмысшылардың жарық беретін керек-жарақтарын көрсетпей тастамайтындай әрекетпен бірқалыпты берілуге тиіс. Жарықтандырылмаған жерлердегі жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.

Учаскелердің, құрылыс алаңдарының және жұмыс орындарының аз жарықтандырылуы мынадай болуы тиіс:

- құрылыс алаңы, өтпелдер мен өтпе жолдар, материалдар мен бұйымдарды түсіру кемінде 2 лк;

- тиеу-түсіру алаңы кемінде 10 лк;

- сылақ жағу жұмыстары кемінде 100 лк.

8.9 Тиеу-түсіру жұмыстарын мынадай қағидаларды сақтау арқылы орындау қажет:

- жүктерді жинауға арналған алаңдарда қатарлар мен олардың арасындағы өтпе жолдары шекаралармен белгіленуі тиіс. Өтпелдер мен өтпе жолдарда жүктерді орналастыруға тыйым салынады. Тиеу-түсіру жұмыстары өндірісінің орны алқалы қорғау мен қауіпсіздік белгілерінің қажетті құралдарымен жарақталуы тиіс. Өтетін жерлер мен жұмыс орындары тегістелген болуы және шұңқырлар, жарықтар болмауы тиіс. Тиеу-түсіру жұмыстарын орындаған кезде жүк көтергіш машиналар мен жүкті ұстағыш қондырғылар мен ыдыс мемлекеттік стандарттардың немесе оларға, оларды орнатуға, тіркеуге, сынауға техникалық шарттардың талаптарын қанағаттандыруға тиіс және техникалық куәландыру Жүк көтергіш крандарды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларына және басқа да НТҚ сәйкес орындалуға тиіс

8.10 Тиеу-түсіру жұмыстарын бастар алдында көтергіш көлік жабдығының жүк байлаушысы мен машинисі арасындағы шартты белгілерді алмастыру тәртібі белгіленуге тиіс.

Тиеу-түсіру жұмыстары үшін алаңдар жүк байлаушының көзіне көрінетін аймақта орналасқан жүктердің барынша салмағы мен жүктерді байлау схемалары бар стендтерге ие болуы тиіс.

Мынадай жағдайда жүк көтергіш машиналар жұмысына рұқсат етілмейді:

а) жел жылдамдығы 15 м/с және одан көп болса;

б) жұмыс алаңқайы шегінде көруді төмендететін тұманда, жанбырда;

в) белгісіз салмақтағы жүк көтеру кезінде;

г) жүк ұстайтын керек-жарақтар мен ыдыстың нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес еместігі, бұзылуы, сондай-ақ таңбалау мен онда ескерту жазулардың болмауы анықталған кезде.

8.11 Құрылыс алаңдарында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында өрт қауіпсіздігі құрылыс-монтаждау жұмыстарын өндіру кезінде Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес қамтамасыз ету қажет.

8.12 Құрылыс алаңдарында, жұмыс учаскелерінде және жұмыс орындарында электр қауіпсіздігі НТҚ талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

8.13 Жұмыс алдында сылақшы мыналарға міндетті:

- жұмыс орнын қарау, қажет емес материалдарды, заттарды алып тастау, өтпелдерді босату;

- құрал-саймандар мен керек-жарақтарды қарау және жұмыс үшін дайындау;

- қолмен ұстайтын саптарындағы салмалардың сенімділігін тексеру.


8.14 Сылақшы барлық жұмыс күні ішінде жұмыс орнын тәртіпте және тазалықта

ұстауға, оны және оған баратын өткелдерді материалдармен жауып тастамауы тиіс.

8.15 Жерден 1,3 м биіктікте орналасқан немесе жарықтандырылмаған қараңғыланған жерлердегі қоршалмаған жұмыс орындарында сылақ жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

8.16 Көпір үстелдерде (немесе көпірлерде) жұмыс кезінде оларды пайдалану қағидаларын сақтау қажет, сенімсіз сүйеп қойылған баспалдақтарда, кездейсоқ тіреулерде және тұрмыстық инвентарьда сылақ жұмыстарын жасауға тыйым салынады.

